Жалағаш жаршысы

№10 (10203)
7 ақпан
сенбі
2026 жыл

«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

2026 жылғы 20 қаңтарда Қызылорда қаласында Ұлттық құрылтайдың V отырысы өтті. Ел тағдырына қатысты маңызды мәселелер талқыланған бұл алқалы жиынның дәл осы өңірде ұйымдастырылуы және бір ғасыр бұрын Қазақ елінің астанасы болған қасиетті Қызылорда жерінде өтуі Сыр өңірі жұртшылығы үшін зор мәртебе әрі тарихи маңызы айрықша оқиға болды.

Ұлттық құрылтайдың V отырысы Қызылордада өтуі – Сыр өңірі жұртшылығы үшін зор мәртебе

Осындай тарихи және саяси мәні зор құрылтай отырысынан кейін Сыр елінің зиялы қауым өкілдері мен жастары Мемлекет басшысына алғысын білдіріп, арнайы хат жолдады.

«Аймақ халқы Өзіңіздің ұлттық бірлікті нығайтуға, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған сындарлы саясатыңызды әрдайым қолдап келеді. Құрылтай барысында Қызылорда облысының соңғы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуына жоғары баға беруіңіз Сыр жұртшылығына үлкен сенім мен жігер сыйлады. Бұл ынтымағы жарасқан өңір халқына көрсетілген лайықты қолдау әрі еңбектің әділ бағасы деп қабылданды.

Қызылорда қаласынан Президенттік кітапхана ашу, жаңа драма театр мен 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салу, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізінің Қызылорда – Ақтөбе арасын төрт жолақты етіп кеңейту, сондай-ақ биыл «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысын бастау және «Көкарал» бөгеті жобасын жүзеге асыру арқылы кіші Аралдың су көлемін айтарлықтай көбейту бойынша берген тапсырмаңыз өңір тұрғындарын ерекше қуантты.

Сізге барша Сыр жұртшылығы атынан шынайы алғысымызды, зор ризашылығымызды білдіреміз.

Біз Сіздің әділетті, қуатты, қауіпсіз әрі таза Қазақстанды орнықтыру бағытындағы барлық бастамаларыңызды қолдаймыз! Егемен еліміздің дамуы жолындағы ерен еңбегіңізге табыс, деніңізге саулық пен күш-жігер тілейміз!» делінген хатта.

Сыр халқының алғысын жеткізген хатқа қол қойғандар арасында Қазақстанның Еңбек Ерлері А.Ералиев, И.Шағыртаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері, еңбек ардагерлері Ж.Шарипов, С.Имандосов, зиялы қауым өкілдері, Қызылорда облысының ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев, айтыскер ақындар М.Ниязов, М.Сұлтанхан, облыстық мәслихат төрағасы мен «Amanat» партиясы облыстық филиалының төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдері және жастар бар.

Мәжіліс

Вегетациялық кезең: дайындық барысы пысықталды

Көктемге бір айға жуық уақыт қалды, қазір шаруалар алдында жауапты міндет тұр, көктемгі науқан жұмыстарына кірісіп, алқаптарды егінге дайындау жайы қазірден пысықталуда. Былтырғы маусымда аяқсу мәселесі күрделенгенін көзіміз көрді, шаруалар бұл мәселені шын сезінді. Ал биыл вегетациялық кезең қалай болмақ? Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен өткен мәжілісте дайындық барысы пысықталып, егінді әртараптандыру және цифрлық технологияларды енгізу мәселелері талқыланды.



Былтыр Жалағашқа 1 млрд 97 мың текше метр су бөлінген. Оның ішінде 1 млрд 5,434 млн текше метр су нақты алынды. 757,428 млн текше метр су егінді тұрақты суаруға бөлінсе, экологияға 248,006 млн текше метр су бағытталған.

2025 жылы ауданда 193 шаруашылық құрылымымен келісім-шарт жасалған. Жинақталған барлық егіс көлемі 28808,25 гектарды құрайды. Оның ішінде күріш 19 297 гектар алқапқа егілген.

Былтыр ауданда 11,6 мың текше метр шаруашылық су арналарын ретке келтіру межеленген. Бұл меже 100 пайыз орындалған. Сонымен қатар 472 мың текше метр ішкі шаруашылық су арналарын биылғы науқанға дайындау жоспарланып, тиісті жұмыстар атқарылды. Гидротехникалық құрылыстарға келсек, шаруашылық каналдар қалыпқа келтірілген. Бұл меже ішкі шаруашылық каналдарда өз деңгейінде орындалған. Сонымен қатар насос қондырғысы, 7 гидрометрлік бекет жөнделген. «Жалағашсушар» ӨУ бойынша биыл су алу науқанына су жолдарын дайындау науқаны-сәуір айында тағы бір нақтыланбақ.

Мәжілісте аудан әкімі Ардақ Әбдіғаппарұлы ротация тәртібін сақтамаған және егін көлемін белгіленген межеден артық еккен шаруашылықтарға вегетациялық кезеңде су берілмейтінін қатаң ескертті. Сонымен қатар су тапшылығы жағдайында су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу және суды аз қажет ететін дақылдардың егіс көлемін арттыру қажеттігін қаперге салды.

Ауданда суды үнемдеу және цифрлық технологияларды енгізу аясында күріш алқаптарын оңтайландыру жұмыстарын жалғастыру жоспарлануда. Сондай-ақ тамшылатып суару әдісі арқылы картоп, көкөніс және бақша дақылдары көлемін ұлғайту көзделуде.

Бұл қазір жергілікті шаруашылықтар арасында қолданыста бар тәжірибе десе де болады. Мақпалкөлдегі «Ер-Әлі» шаруа қожылығының төрағасы Әлібі Бекжанов салаға су үнемдеу технологиясын алғашқылардың бірі болып қолданысқа енгізді. Ол бүгінде жаңа технологияның тиімділігін көріп отыр. Еңбек адамы бастапқыда 30 гектар алқапқа су үнемдеу технологиясын енгізді. Бұл – ауданда ғана емес, аймақтағы бірінші автоматтандырылған тоспа. Жаңа құрылғы әр литр сайын өтетін судың мөлшерін есептеп, автономды түрде күн сәулесінен қуат алатын батареялармен жұмыс істеді. Осыдан екі жыл бұрын ол маусымында 20 мың текше метр су үнемдеді. Жалпы біздің аймаққа қажет құрылғының бірі де бірегейі – осы.

Қазіргі таңда «Ер-Әлі» шаруа қожалығының егіс алқабы 100 пайыз тегістелген. Әлі де төраға суды үнемдеу технологиясын қолданып отыр. Тіпті шалғайдағы Аққыр ауылын да іске қосып, ондағы егіс алқабына осыған дейін қашыртқы суды көдеге жаратты.

Әлібі Бекжанов егінді әртараптандыруға да басымдық беруде. Қаншама гектар егіс алқабын бақша өнімдерін егуге бағыттағанына да бірнеше жыл болды. Жалпы шаруашылық 2013 жылдан бері суды үнемдеуді бастап кетті. Сол кезде аймақта алғашқылардың бірі болып жер тегістеуге күш салды. Екі жыл бұрын Австралиядан суды автоматтандыру және есепке алу құрылғысын қолданысқа енгізді. Төраға оның тиімді тұсы көп екенін айтады.

Қазір аяқсуға қатысты мәселе мемлекеттің басты назарында. 2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджеттің шеңберінде инвестициялық шығындарды өтеуге бағытталған жалпы трансферттер көзделген. Ал қаржыландыру көлемі 215 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Енді алдағы болжамдық вегетациялық кезеңді ескере отырып, егін егу тиімді жоспарланса, шаруалардың аяқсуға қатысты мәселесі айтарлықтай жеңілдемек.

Былтыр маусымында аяқу мәселесі күрделенді. Тығырықтан шығу үшін Сыр елі де су үнемдеу технологиясын енгізуді күшейтті. Сондай-ақ қалыптасқан мәселемен күресуде сырбойылық диқандар басқа да тәуекелдерге барды. Мәселең, аймақта егінді әртараптандыруға басымдық берілді. Суды аз қажет ететін дақылдарға ден қойған жергілікті шаруалар бүгінде күріш көлемін қысқартты. Сонымен қатар егіс алқаптарын тегістеу жұмыстары да аталған мәселені ауыздықтауға айтарлықтай қолғабыс болған.

Биыл тұтынушылар судан тапшылық көрмеуі үшін және Сырдария өзенінің төменгі ағысында төтенше жағдай туындауына жол бермеу мақсатында аймақта күріш егістіктерінің алаңы 70 мың гектардан аспауы тиіс. Сыр елінде егіс алқаптары жыл сайын оңтайландырылып жатқанымен орташа өнімділікте өсім қалыптасқан. Мәселең, 2024 жылы 85 мың гектар алқаптың әр гектарынан 58 центнерден орташа өнім алынса, былтыр 80 мың гектар егіс алқабының әр гектарынан 58,1 центнер өнім жиналды. Бұған жаңа күріш сұрыптарын енгізу және заманауи техниканы пайдалану оң әсерін тигізіп отыр.

Қазіргі таңда облыста су үнемдеу технологияларын қолданатын егістік көлемі артқан. Егіс алқаптарында судың ысырап болуының алдын алу үшін лазерлік тегістеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл әдіс суды 20 пайызға дейін үнемдеп, өнім көлемін арттыруға жол ашуда. Былтыр аймақта 60 мың гектар күріш алқабы тегістелген.

Биыл қысқарған күріш алқабының орнына майлы дақылдар егілмек, яғни отандық ғалымдар арпа, бидай, түйежоңышқа, қант құмайы мен қызылшаның бірнеше сұрпын егуді ұсынып отыр. Бұл бір жағынан топырақтың құнарын арттыруға да сеп болмақ. Ал заманауи су үнемдеу технологияларын енгізу тәуекелдерді азайтып, АӨК-тің орнықты дамуын қамтамасыз етеді.

Жалпы мәселенің алдын алуда мұндай жобаларды жалағаштық шаруалар да қолға ала бастады. Қазір жергілікті шаруалар су үнемдеу технологиясының тиімділігін түсінгендей, бір жағынан егінді әртараптандыру, жерді тегістеу жұмыстары да өз нәтижесін беріп отыр.

Жиын соңында аудан әкімі күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына, ауылдық округ әкімдеріне нақты міндеттер жүктеді.

К.БАЛҒАБАЙҰЛЫ

Кеңес

Ата Заңым – айбыным

Аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықовтың төрағалығымен «Ата Заңым – айбыным» атты жаңа конституциялық жобаға арналған кездесу өтті. Іс-шараға білім қызметкерлері кәсіподағы аудандық комитетінің төрағасы Гүлзат Ердәулетқызы, мектеп басшылары мен мұғалімдер, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.



Жаңа заңда мемлекет қызметінің негізін құраушы қағидаттары айқындалған. Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау, заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету, жалпыұлттық бірлікті бекемдеу, халықтың әл-ауқатын арттыру, жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын орнықтыру, қоғамдық диалогты дамыту, еңбексүйгіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту, жоғары экологиялық мәдениет қалыптастыру, тарихи-мәдени мұраны сақтау мен төл мәдениетті қолдау толық қамтылған. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп танитыны айқын көрсетілген.

Кездесуде аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Құрақбайұлы жаңа конституциялық жобаның маңыздылығына тоқталып, енгізіліп жатқан өзгерістердің негізгі бағыттарын атап өтті. Тарқатып айтсақ, жаңа Конституция жобасында бірлік пен ынтымақтастық, ұлтаралық және дінаралық келісім, әділеттілік, «Заң мен тәртіп», табиғатқа ұқыпты қарау қағидаттары Конституция деңгейінде бекітілгені айтылды.

– Бұл құжат азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардан түскен ұсыныстарды мұқият талдаудың, ашық қоғамдық талқылаулардың, сондай-ақ жаңа нормалар мен ережелерді жан-жақты әрі тиянақты пысықтаудың нәтижесінде пайда болғаны баршаңызға белгілі. Конституциялық реформа Президенттің Қазақстанда бір палаталы Парламент құру жөніндегі бастамасының негізінде туындады. Мемлекет басшысы бұл идеяны былтыр қыркүйекте халыққа Жолдауында елдің саяси жүйесін кешенді жаңғырту және жасанды интеллект дәуірінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі оң серпін беру мақсатында айтқан болатын. Өткен жылы қазан айында Парламенттік реформаны іске асыру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы өкімге қол қойылды. Оның құрамына белгілі құқықтанушы ғалымдар, сарапшылар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірді. Бірақ талқылауларға барлық белсенді азаматтар қосылып, өз пікірлері мен ұсыныстарын e-Otinish және eGov порталдары арқылы жолдай бастады. Осылайша жаңа реформаны кеңінен әрі қарқынды талқылау шамамен алты айға созылды. Осы кезең ішінде жұмыс тобы азаматтардан түскен екі мыңнан астам ұсынысты жан-жақты қарап, жүйелеп шықты. Жан-жақты зерттеліп, пысықталып жасалған конституциялық реформа – мемлекет дамуының кепілі, – деді Талғат Садықов.

Иә, жаңа конституциялық жобаның мәтінінде ел дамуының басты негізі ретінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновация айқындалатыны, цифрландыру үдерісіне байланысты азаматтардың құқықтарын цифрлық ортада қорғау нормасы алғаш рет енгізілгені атап өтілді. Дін мен мемлекеттің ара-жігін нақты ажырату, білім беру мен тәрбие жүйесінің зайырлы сипатын бекіту ұлт болашағы үшін маңызды қадам екені айтылды. Осы ретте пікір білдірген білім саласының кәсіподақ комитетінің төрағасы Гүлзат Ердәулетқызы елімізде жүзеге асырылып жатқан конституциялық реформалардың маңызына тоқталып, бұл өзгерістер қоғамның саяси белсенділігін арттыруға, азаматтық қоғам институттарын дамытуға және мемлекет пен халық арасындағы сенімді нығайтуға бағытталғанын атап өтті.

– Осыған дейін Ата Заңның барлық негізгі түзетулері жан-жақты қаралды. Бұл түзетулер Конституцияның барлық бөлімдеріне және 77 бабына қатысты, яғни жалпы мәтіннің 84 пайызын қамтыды. Осылайша Комиссия мүшелері Қазақстанның жаңа Конституциясын әзірлеу мәселесін алға тартты. Ата Заңның тұжырымдамалық өзгерістері мемлекеттің адамға бағдарланғанын арттыруға, Қазақстан халқына тән өзекті құндылықтар мен қағидаттарды көрсетуге, сондай-ақ республикадағы саяси институттар құрылымының тиімділігін арттыруға бағытталған. Жаңа Преамбулада адам құқықтары мен бостандықтары алғаш рет мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде жария етілді. Бірлік пен ынтымақтастық, ұлтаралық және дінаралық келісім Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде белгіленді. Егемендік пен Тәуелсіздік, біртұтастық, аумақтық тұтастық өзгермейтін құндылықтар санатына жатқызылды. Сондай-ақ әділеттілік, заң мен тәртіп, табиғатқа ұқыпты қарау сияқты қағидаттар алғаш рет Конституция деңгейінде бекітілген. Мұнан бөлек мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендіктің иесі Қазақстан халқы болып табылатыны бекітілген. Ата Заңның жаңа мәтінінің басты идеясы ретінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновация анықталды. Бұл мемлекеттің болашағы минералды ресурстар мен табиғи байлықтармен емес, адами капиталмен және азаматтардың жетістіктерімен анықталатынын көрсететін түбегейлі маңызды бетбұрыс деп түсінуіміз керек. Тағы бір маңызды мағыналық бағыт – жаңа Талғат Құрақбайұлы атап өткен цифрландыру мәселесі. Осыған байланысты Конституцияның жаңа мәтінінде алғаш рет азаматтардың құқықтарын цифрлық ортада қорғау туралы норма бекітілді. Конституцияның жаңа мәтінінің басты ерекшелігі – адам құқықтарына бағдарлануы. Жаңа реформада дін мен мемлекеттің ара-жігі нақты ажыратылып бекітіледі. Білім беру мен тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты айқындалған, – деді Гүлзат Құрманбаева.

Иә, Конституция ел дамуының ұзақмерзімді бағытын белгілейтін стратегиялық бағдар екені сөзсіз. Тәуелсіздік жылдарында Конституция мемлекеттің қалыптасуына, институционалдық тұрақтылықтың орнығуына қызмет етті. Енді Ата Заңымыз жаңа мазмұнмен толығып, қоғамдық дамудың стратегиялық негізіне айналып отыр.

Басқосуда жаңа конституциялық жобаның маңыздылығы жан-жақты талқыланды. Аталған өзгерістер еліміздің құқықтық мемлекет ретінде дамуына серпін беретін саяси маңызды кезең екені айтылды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Білім биігін бағындырған мектеп

Ақ тұман айналаны ақырын ғана бүркеп, жер мен көктің арасын жіпсіз жалғап тұрған кез. Өткен аптада Аламесек көлінің батысын бойлай қоныс тепкен Аққошқар, қазіргі Еңбек елді мекеніне ат басын бұрдық. Бұл сапардың жөні бөлек. Үздік нәтижемен ел назарын өзіне аударған білім ордасына соқпай өту ойға олқылық, сөзге салғырттық болар еді. Қарапайым ауыл мектебі деген аты ғана, ал заты – ізденіс пен ілгерілеудің айқын үлгісі.

Мұндағы мектеп тарихы 1930 жылдан бастау алып, сол дәуірдің күрескер рухын бойына сіңірген «Қызыл Октябрь» жеті жылдық мектебі ретінде өмірге келді. Құрылыс жұмыстарының бар салмағын комсомол жастары көтеріп, білектің күшімен, жүректің жігерімен бой көтерген оқу орны алғашқыда «Комсомол» бастауыш мектебі деп аталды. Екі сынып пен бір клубтан тұрған шағын ғимаратта үлкен үміттің оты жанды. Соғыс пен жоқшылықтың көлеңкесі түскен жылдары да мектеп шамы сөнген жоқ. Қайта жылдар жылжып, уақыт алмасқан сайын мектеп те кемелдене түсті. 1943-1950 жылдары Әбен Исмайл басқарған білім ошағы кейін Әбіләзиз Тілеуқабылов, Сансызбай Досболов сынды азаматтардың, Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген мұғалімі Орынқұл Балтабаеваның жетекшілігімен шәкірт санасында білімге құрмет қалыптасып, оқу сапасы артты.



1972 жыл Еңбек ауылы үшін жаңа бетбұрыс болды. Қазақстанның Ленин комсомолы атындағы совхоз орталығы осы елді мекенге көшіріліп, соған орай жаңа білім ордасының іргесі қаланды. Сол жылы №232 жеті жылдық мектеп ашылып, алғашқы директоры болып Кенжебай Қайнарбаев тағайындалды. Ал 1974 жылы қазан айында ауыл келбетіне көрік берген еңселі қос қабатты мектеп пайдалануға беріліп, ағартудың жаңа дәуірі басталды, ауыл өміріне білімнің жаңа тынысы енді. Тарихтың тағы бір белесі 2000 жылдың 31 тамызында айқындалды. ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес мектепке белгілі фольклортанушы-ғалым Мардан Байділдаевтың есімі берілді. Бұл атау оқу орнының рухани салмағын арттырып, өткен мен бүгінді алтын көпірмен жалғады. Бүгінде М.Байділдаев атындағы орта мектеп – сан мыңдаған шәкірттің арманын ұштаған, дәстүрі мен тағылымы қатар өрілген киелі білім шаңырағы.

ҰБТ-ға дайындық жемісін беруде

Жаңа оқу жылы бұл білім ордасына тағы бір үміт керуенін жетелеп әкелді. Мектеп табалдырығын 16 бүлдіршін алғаш аттады. Өткен оқу жылында алтын ұядан 20 оқушы түлеп ұшып, солардың екеуі «Үздік аттестатқа» қол жеткізіп, білім ошағы тарихындағы абыройлы беттерді тағы бір мәрте толықтырғаны есте. Ал биылғы оқу жылында 21 оқушы мектеп бітіруші түлек атанып, ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындықты бастап та үлгерген. Оқу жылының шоқтығы биік жетістіктерінің бірі – Альфия Балханның білім бәйгесіндегі айрықша нәтижесі. «Алтын белгіге» ұсынылған таланты шәкірт ұлттық бірыңғай тестілеуде 140 баллдық межеден 136 балл жинады. Қарапайым ауыл мектебінен нәр алған баланың биік көрсеткешкішке қол жеткізуі жүрекке жылу ұялатады. Маңдай термен келген еңбектің, қоңыр тіршіліктің қойнауында шыңдалған қайсар мінездің айғағы бұл.

Бүгінде мектепте барлығы 45 педагог еңбек етіп келеді. Олардың әрқайсысы – өз ісінің шебері, білім мен жауапкершілікті қатар ұстаған мамандар. Ұстаздар құрамының сапалық әлуеті де айрықша. Зерттеуші-педагог мәртебесіне ие 8 мұғалім оқу үдерісіне жаңашылдық пен ізденіс рухын дарытса, 17 педагог-сарапшы жинақтаған тәжірибесімен білім сапасын биіктетіп келеді. Ал 11 педагог-модератор оқыту ісін жаңа деңгейге көтеруге үлес қосуда.

Білім бәйгесінде оқушылары олжалы

Бүгінде шәкірттер тек мектеппен шектеліп қалған жоқ. Олар аудандық, облыстық, тіпті республикалық деңгейдегі білім мен өнер, спорт сайыстарынан жүлделі орындардан көрініп келеді. Қастерлі есімді арқалаған білім ошағы жетістігін сөзбен ғана емес, нақты нәтижемен айқындап отыр. Ой додасында оза шапқан шәкірттер қатарында Д.Еділқасым мен А.Балхан бар. Олар жалпы білім беру ұйымдарының 9-10 сынып оқушыларына арналған «Ұшқыр ой алаңы» республикалық дебат турнирінің аудандық кезеңінде топ жарып, бірінші орынды иеленді. Облыстық кезеңге жолдама алып, тартысты бәсекеде үздік үштіктен көрінді.

Спорт саласында да мектеп шәкірттерінің мерейі үстем. Н.Молдағали былтыр өткен облыстық «Жас мерген» әскери-қолданбалы спорт түрлері сайысының аудандық кезеңінде «Әскерилендірілген кросстан» I орын иеленіп, қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Е.Хамит осы жарыста белтемірге тартылуда дара шығып, бірінші орынды мектеп қоржынына салды. Спорттағы жарқын жетістіктер легі мұнымен шектелмейді. Алаңда айрықша көзге түскен Н.Қашақбай облыс әкімінің жүлдесіне арналған «Сыр лигасы» аясында өткен «Отбасылық волейбол» жарысында «Үздік шабуылшы» номинациясына лайық деп танылды.

Ұлттық өнерге деген іңкәрлік те бұл мектепте бүр жарған. Мектеп жасына дейінгі балалар арасында өткен «Өнеріміз саған – Қазақстан!» республикалық байқауының аудандық кезеңінде жас өнерпаз Қ.Әбдікәрім ерекше дарынымен танылып, «Үздік орындаушы» номинациясын иеленді. Мектеп қабырғасындағы өнер мен тапқырлықтың тағы бір айғағы – «Мардан ұландары» тобы. Жайдарман ойындарына тұрақты қатысып жүрген бұл команда аудандық және облыстық кезеңдерде жеңіс тұғырынан көрініп, көрерменнің ықыласына бөленіп келеді.

2025-2026 оқу жылында да бұл мектептің оқушылары зияткерлік бәйгеде өз биігінен көрінді. Жалпы білім беретін пәндер бойынша өткен республикалық ғылыми жоба конкурсының аудандық кезеңінде биология секциясы бойынша Д.Еділқасым үшінші орынды иеленді. Ал ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық кезеңде орыс тілі пәнінен Б.Ертайқызы екінші орынға қол жеткізді.

Үйірмелердің үйретері көп

Мектеп мұғалімдері де бірлік пен ынтымақты ту етіп, білім мекенінің мерейін үстем етуде. Атап айтқанда, мұғалімдер арасындағы спартакиаданың облыстық кезеңінде іріктеу жарысы бойынша А.Шалқар екінші орын иеленіп, асық ату бойынша мектеп мұғалімдерінен құралған команда үшінші орынға қол жеткізген. Сондай-ақ аудан әкімінің кубогына арналған қысқы лигада Е.Үржанов «Үздік қорғаушы» номинациясына лайық деп танылды.

Бастауыш сыныптарына қарай баратын ұзын дәліз бойы терезеден түскен жарық сәулесінің әлсіз жарығы байқалады. Қаз-қатар тізілген шахмат парталарының үстінде ретсіз құлап жатқан жүріс аттары. Оқушылар үзіліс уақытында асыға жүгіретін орынды енді жоғары қабатқа да жасақтау жоспарланыпты. Мұнда үйірме жұмыстары спорттық және пәндік бағытта мектеп өміріне өзіндік ырғақ беріп тұр. Оқушылардың дене шынықтыру мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған спорттық үйірмелер қатарында баскетбол, футбол, волейбол, асық ату, тоғызқұмалақ секілді үйірмелер жұмыс істейді. Мектепте және БЖСМ №14 мекемесі арқылы барлығы 160 оқушы спортпен шұғылданып, өз қабілетін шыңдауда. Ал пәндік және шығармашылық бағыттағы шәкірттердің зияткерлік әлеуетін арттыруға «Жас физик», «Жас қаламгер», «Туған өлке тарихы», ағылшын тіліне арналған танымдық үйірме, «Жас мерген», «Шебер қолдар», «Қылқалам» секілді үйірмелерге 126 оқушы қамтылып, шығармашылық мүмкіндігі кеңейе түсуде.

Оқушы саулығы – мектеп жұмысының өзегі. Осы мақсатта білім ордасының асханасында бір мезгіл ыстық тамақ беріледі. Екі ауысым бойынша 148 оқушы тамақтанады. Оның ішінде 1-4 сыныпта 38 бала, 1-11 сынып аралығында 110 оқушы бар. Балаларға бекітілген ас мәзірі бойынша құнарлы тағам ұсынылады.

Жаз маусымында оқушылардың демалысын мазмұнды да мәнді өткізу мәселесі мектеп назарынан тыс қалмаған. Баланың бос уақыты оның болашаққа жинаған қуаты екенін терең түсінген ұжым бұл бағытта нақты жұмыстар атқарды. «Еңбек Жер» ЖШС директоры Ш.Ысқақовтың демеушілігімен 20 оқушы Шымкент қаласындағы «Dream Camp» лагерінде жазғы тынығуын өткізсе, ата-аналардың қолдауымен тағы 6 оқушы Жаңақорған ауданындағы «Талдысу» лагерінде демалып қайтты.

Ұстаздың ұлағаты мен шәкірт сенімі ұштасқан ортада жетістік те заңды құбылысқа айналады. Іргелі істерімен, айқын нәтижелермен орта мектеп аудан көлемінде ғана емес, өңір деңгейінде де үлгі боларлық білім ордасына айналып отыр. Ең бастысы, мұнда болашаққа деген сенім бар, ал сенім бар жерде жаңару да , жарқын іс те қатар жүреді.

Гүлжан ЕСЖАН

Ұлағаты мол ұстаз

Тәуелсіздік таңы атқан тұстан бастап елдің еңсесі ғана емес, тіршіліктің тынысы да түбегейлі өзгерген шақ. Кеңестік кезеңді көзімен көріп, көңіліне түйген ата-ана үшін «балам дәрігер не мұғалім болса наны дайын» деген жазылмаған заң бар еді. Ол кездері ақ халат пен бор ұстаған қол тұрақтылықтың, ертеңге деген сенімнің символындай көрінгені рас. Сол бір алмағайып уақытта кейіпкеріміз жүрек қалауына құлақ асып, сан тарау ойдың таразысын салмақтады. Нәтижесінде отбасы көзқарасы мен ішкі қызығушылығы да бір арнаға тоғысты.

Света Берікболқызы – бүгінде еңбек өтіліне 28 жыл толған қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші. Мектеп бітірген жылы арманын алға жетелеп, үмітін жолсерік еткен жас түлек Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы колледжге бет бұрды. Ана тілінің айдынында жүзуді, сөз өнерінің тереңіне бойлауды көксеген жас талапкер ұстаздық жолды өз тағдырымен астастырды. Сөйтіп қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болуды мақсат етіп, мамандыққа ойланбастан құжаттарын тапсырды. Үлкен өмірге бастар соқпақтың алғашқы табалдырығын сеніммен аттаған болашақ мұғалім үшін білімге деген құштарлық бір сәтке де бәсеңдеген жоқ. Ізін суытпай Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті қабырғасында жоғары білімін жалғастырып, таңдаған жолын тереңдете түсті.

1998 жылы оның ұстаздық жолы Нағи Ілиясов ауылында бастау алды. Ауыл мектебінің қарапайым сыныбында тұтанған сол алғашқы сабақтар жас маманның жүрегіне үлкен жауапкершілік пен мамандыққа деген адалдықты орнықтырды. Ал 2001 жылдан бері М.Байділдаев атындағы №232 орта мектепте еңбек етіп келеді. Жылдар өте жинақтаған тәжірибе мен ізденістің нәтижесінде ұстаздық жолы жаңа белеске көтерілді. Бүгінде ол – мектеп директорының ғылыми-әдістемелік орынбасары. Бұл қызметте де білімнің сапасын арттыруды, ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани байланысты нығайтуды басты мұрат етіп келеді.

Сынып жетекшілігін атқарған тұста кейіпкеріміз бір ақиқатты айқын түсінді. Әр баланың өз әлемі, өз мінезі, өз тағдыры бар. Сол шәкірттерінің ішінде бозбалалықтың бұзықтығын, жастықтың желігін жасырмай көрсеткендері де кездесті. Бірақ ол оны тентектік деп емес, бағыт-бағдар сұраған ішкі жанайқай деп түсінді. Мұғалім болу – бір мезетте қталдық пен жұмсақтықты қатар ұстай білетін күрделі мамандық. Қажет жерде талап қоя отырып, жүрекке жылы сөз табу, қателескен сәтте жазғыру емес, жөн сілтеу – кейіпкеріміз ұстанған басты қағида болды. Ол қолынан келген көмегін аямай, алдындағы шәкіртінің болашағына бейжай қарамады. Жылдар өте сол бір тентек көрінген бозбаланың есейіп, адам болып қалыптасқаны, тіпті ұстазына алғыс айтып келген сәті де болды.

Бүгінде Света Берікболқызының шәкірттері елдің әр саласында өз орнын тапқан, еңбегімен танылған майталман маманға айналған. Бірі ғылым мен мәдениетте, бірі мемлекеттік қызметте елге қызмет етіп жүр. Ал кейбірі өзі салған сара жолды жалғап, орта мектепте бүгін оқушыларына бағыт-бағдар беріп жүр. Ұстаздың салған ізі өшпей, ұрпаққа жалғасуы – нағыз педагогтық өмірдің жемісі.

Алдыңғы жылдары кейіпкеріміздің еңбегі шәкірт жетістігімен айшықтала түсті. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушылары арасында өткен республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде шәкірті Раяна Жорабек екінші орынды иеленді. Ал былтырғы жетістік тіпті биіктен көрінді. Жалпы білім беретін мектептердің 9-11 сыныптарына арналған 7-республикалық Абайтану олимпиадасының облыстық кезеңінде 121 оқушының ішінен оза шапқан Альфия Балхан Алматы қаласында өткен республикалық сыннан сүрінбей өтіп, бірінші орынды қанжығасына байлады.

Кейіпкеріміздің білім саласындағы көпжылдық табанды еңбегі мен нәтижелі қызметі елеусіз қалған да жоқ. Ұстаздық жолы жоғары бағаланып, бірқатар беделді марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, облыстық білім басқармасының «Құрмет» грамотасы, облыстық кәсіподақ комитетінің «Құрмет» грамотасы, аудандық білім бөлімінің «Құрмет» грамотасы, сондай-ақ халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының «Құрмет» грамотасы табысталды.

Заман құбылған шақта бағытынан жаңылмай, сөз бен сананы қатар тәрбиелеуді мақсат еткен кейіпкеріміз ұстаздық жолды абыроймен арқалады. Света Берікболқызының өмір жолы – бүгінгі және келер ұрпаққа үлгі, ұстаздықтың мәңгілік құндылық екенін дәлелдеген тәлімді еңбек.

Гүлжан ЕСЖАН

2026 жылы I тоқсанда Жалағаш ауданының әкімдігі «Жалағаш кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кент әкімінің және орынбасарының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Жамалатов Мардан Сырмағанбетұлы	Жалағаш кентінің әкімі	Сейсенбі, жұма күндері сағ.10.00-12.00 аралығы	Апта сайын	8 (72431)31-5-81
1	Нұрсейітов Талғат Мұратұлы	Жалағаш кенті әкімінің орынбасары	Дүйсенбі, бейсенбі күндері сағ.10.00-12.00 аралығы	Апта сайын	8 (72431)31-5-70

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту аясында Қазақстан делегациясы Үндістандағы Ұлттық сот-эксперттік ғылым университетіне (National Forensic Sciences University) барып қайтты. Бұл оқу орны – елде сот сараптамасы, криминалистика, цифрлық сараптама және сот медицинасы саласындағы жетекші мамандандырылған университет. Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Ішкі істер министрлігі Үндістан әріптестерімен құқық қорғау органдарына кадр даярлау және кәсіби тәжірибе алмасу мәселелерін талқылады.

Қос мемлекет білім беру бағдарламасын іске қоспақ



Кездесуде тараптар заманауи білім беру бағдарламаларын енгізу, сондай-ақ цифрлық криминалистика саласында ғылыми-әдістемелік базаны дамыту тәжірибесімен бөлісу мүмкіндіктерін талқылады. Сонымен қатар Қазақстанда университет филиалын ашу мәселесі қаралды.

Қазақстанның құқық қорғау органдары қызметкерлеріне арналған қос дипломдық білім беру бағдарламаларын іске қосуға арнайы назар аударылды. Бұл бастама криминалистика мен цифрлық тергеу саласындағы мамандарды даярлауда халықаралық тәжірибені қолдануға мүмкіндік береді.

Тараптар бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру, профессорлық-оқытушылық құрам мен студенттердің академиялық мобильдігін дамыту, сондай-ақ бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу және арнайы біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру әлеуетін атап өтті.

Кездесу қорытындысында тараптар болашақ ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын айқындайтын тиісті хаттамаға қол қойды. Қазақстанның құқық қорғау органдары қызметкерлеріне арналған қос дипломдық білім беру бағдарламаларын іске қосуға арнайы назар аударылды. Бұл бастама криминалистика мен цифрлық тергеу саласындағы мамандарды даярлауда халықаралық тәжірибені қолдануға мүмкіндік береді.

Тараптар бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру, профессорлық-оқытушылық құрам мен студенттердің академиялық мобильдігін дамыту, сондай-ақ бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу және арнайы біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру әлеуетін атап өтті.

Жиын соңында тараптар болашақ ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын айқындайтын тиісті хаттамаға қол қойды. Айта кетейік, биыл 4 желтоқсанда Алматыда ақпараттық технологияларға арналған PROFIT Healthcare Day конференциясы өтеді.

«Қазақстан балалары»:

«Баланың жолы» цифрлық жүйесі енгізіледі

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері «Қазақстан балалары» атты 2026-2030 жылдарға арналған тұжырымдаманы таныстырды. Тұжырымдама Мемлекет басшысының тапсырмасымен Бала құқықтары жөніндегі уәкілмен және тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп әзірленді. Алғаш рет балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, білім алуға, денсаулығын қорғауға, сондай-ақ отбасын қолдау мен әлеуметтік қорғауға бағытталған барлық қолданыстағы шаралар мен бағдарламалар бір жүйелі құжатқа біріктірілді.

Қазақстанда шамамен 6,9 млн бала тұрады, бұл халықтың жалпы санының 34 пайызын құрайды. Соңғы 10 жылда балалар саны 1,5 млн-ға артқан. Бұл тұрақты демографиялық өсімді және балалық шақ саласындағы жүйелі мемлекеттік саясаттың өзектілігін көрсетеді.

Тұжырымдама бала құқықтарының негізгі бағыттарын қамтитын төрт басым бағыттан тұрады. Олар – балалардың қауіпсіздігі, сапалы білім алу құқығы, денсаулықты қорғау, сондай-ақ отбасы және әлеуметтік қорғау саласындағы құқықтар. Тұжырымдаманың тиімділігін бағалау үшін 10 индикатор айқындалып, оны іске асыру 158 іс-шара арқылы қамтамасыз етіледі.

Құжатта балалардың қауіпсіздігі мәселелеріне ерекше назар аударылған. Елде психологиялық қолдау орталықтары жұмыс істейді, барлық мектептерде қауіпсіздік сабақтары енгізілген, «111» байланыс орталығы қызмет көрсетуде. Тұжырымдама аясында зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға көмек көрсету инфрақұрылымын одан әрі дамыту, тәуекелдерді ерте анықтауға арналған цифрлық құралдарды енгізу, сондай-ақ психологиялық және менторлық сүйемелдеуді кеңейту жоспарланған.

Тұжырымдаманың жеке бөлімі цифрландыруға арналған. 2027 жылдан бастап mGov платформасында мемлекеттік қолдау шараларын бірыңғай есепке алуды және отбасылардың қайта жүгінуінсіз баланы ведомствоаралық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін «Баланың жолы» цифрлық жүйесі енгізіледі.

Білім беру саласында мектепке дейінгі және инклюзивті білім беруді дамыту, инфрақұрылымды жаңғырту, білім беру ұйымдарының сапасы мен жауапкершілігін арттыру жұмыстары жалғасады. Әлеуметтік салада балалар үйлеріндегі тәрбиелеу моделінен отбасылық орналастыру нысандарына көшуге, тәлімгерлікті дамытуға және атаулы қолдауға басымдық беріледі.

«Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру балалардың құқықтары мен әл-ауқатын қорғаудың тұтас әрі орнықты жүйесін қалыптастыруға, әлеуметтік және білім беру қызметтеріне тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге, әрбір баланың дамуына қауіпсіз орта құруға және ұзақмерзімді әлеуметтік тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

Айта кетейік, биыл 27 қаңтарда Үкімет отырысында «Қазақстан балалары» 2026-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Мұқағали Мақатаев – 95 жыл

Киелі жырдың иесі

Өнер әлеміне сан алуан жүйріктер келіп қосылып жатады, алуан-алуан жүйріктер өз әлінше өнер бәсекесінде сыналады, нағыз жүйрік дүлдүлін, текті қыранын жазбай таниды. Халқымыздың маңдайына біткен біртуар ақын Мұқағали туралы айтылған сөзге зер салар болсақ, ақын Әбділда Тәжібаевтың «Мұқағали Мақатаев – біздің заманымыздағы ғажайып ақындардың бірі. Мақатаев атты алып ақынның жарқын жүзіне, миллион адам миллион түрлі пікір айтса да, ешбір көлеңке түспей, келешекке қарай керуен түзеп көше бермек» деген бағасы ең алдымен ойымызға оралады.



Айрықша талант иесі

Мұқағали өмірден озғанымен халқына қалдырып кеткен рухани мұралары арқылы абыройы тіпті биіктеп, XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің санаулы алыптар қатарынан орын алып, маңдайының бағы жанған ақынға айналды.

Атақты әдебиет сыншысы Мұхамеджан Қаратаевтың «...арамыздан тым ерте кеткен тамаша ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың алғашқы қадамында-ақ оның аяқ алысынан айрықша талант иесі екенін аңғаруға болатын еді. Аңғармаппыз...» деген сөзі тектен-текке айтылмаса керек. Жазушы, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев «М.Мақатаев – адамдар арасындағы, өміріндегі, табиғаттағы жарастық пен келісімнің жыршысы... Өлеңдері шын тебіреністен, шын шабыттан, шын күйзеліс пен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған» дейді.

Мұқағали есімі – халық жүрегінен әлдеқашан орын алған киелі атау. Туған халқымыздың мәртебелі ақыны туралы басқа туысқан ұлттардың көрнекті өкілдері де өзіндік салиқалы көзқарасын айтты. Солардың бірі Г.В. Сковорцов «Қазіргі қазақ әдебиеті туралы сөз қозғасам, аузыма ең алдымен әсері анық Мұқағали Мақатаев түседі. Оның шығармашылығымен көптен таныспын. Оның ақындық қуат деңгейі мен парасат өресі кім-кімді болсын таңғалтпай қоймайды» десе, Михайл Куркургансиев «Мұқағали Мақатаев поэзиясы арқылы әдебиеттің де өте жарқын, күшті де көрнекті жаңа бір дара тұлғалы ақын пайда болған екенай деп те айта аламыз. Оның шығармашылығы біздің бойымызға қуаныш, мақтаныш, рухани күш-қуат құяды» деген пікірін білдіреді.

Қалам қуаты күшті Тұманбай Молдағалиев «Қазақ жырының аспанындағы аз ғана жұлдыздардың арасынан сенің жұлдызыңды біз оңай танушы едік. Сенің жұлдызың – ең шұғылалы, ең мейірімді жұлдыз» деген керемет бағасын айтты.

Ақын Мұқағалидың туған анасы Нағиман әжейдің «Менің ұлымның ақындығы сағыныш атты сезімнен бастау алған деп ойлаймын... Мен балам жайлы халық пікірінен, елінің сөзін тасқа басылған әрбір әріптерден, үнсандықтан, күйсандықтан, теледидардан іздеймін. Балам жайлы айтылып жатқан жарты ауыз сөздің өзіне марқайып қаламын. Маған көрсетілген сый-сыйлат, құрмет атаулы осындай-ақ болар деп ойлаймын» деген ағынан ақтарылған жүрегі пәк ананың ұлы туралы айтқан көңіл толқынынан туған сағыныш сөзі еді.

Азан шақырып қойған аты – Мұқаметқали

Мұқағали (азан шақырып қойған аты Мұқаметқали) Сүлейменұлы Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда дүниеге келген. Лашын Әзімжанқызы мен Әбдіке Асанұлының жазған «Ақынның қысқаша өмірбаяны» атты мақаласында «Сүлейменов 1930 жылы ұйымдасқан Энгельс атындағы колхоздың алғашқы төрағасы еді. 1941 жылы екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда, яғни Мұқағали 10 жасқа келген кезде әкесі майданға аттанып, Калининград майданында болған сұрапыл шайқаста 29 жасында ерлікпен құрбан болады, үй-ішінің бар ауыртпалығы баланың тұңғышы Мұқағалидың иығына түсті. Сөйтіп балалық шағы, оқушы кезі қой бағып, егін орып, кетпен шабумен өтеді. Сол кездері өлең жаза бастайды» деп жазылған. (Мұқағали Мақатаев. «Жүрек демін алғанда», Шынжаң «Халық» баспасы, 2009 жылы, 2-басылуы, 1-бет).

Мұқағали әкесінен жастай айырылып, жоқшылықтың, жетімдіктің тақсыретін әбден тартады. Ақынның кей өлеңдерінен 1940 жылдардың ішінде соғыс салдарынан әкесінен айырылған жетім балалардың тағдырына арқау болған жыр шумақтарын кездестіре аламыз.

«Кебін киген өледі,
Кебенек киген келеді».
Майданға көкең кеткенде,
Осылай бәрі деп еді.
Бөпем, бөпем, бөпем-ау,
Қай жерде қалды көкең-ау?!
Кей-кейде біздің халық та,
Өтірік айтады екен-ау!».

Мұқағали 1948 жылы Қарасаздағы ауылдық орта мектепті бітіріп, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға қабылданады. Бірақ қысқа жіп күрмеуге келмей, оқу қаражатын төлей алмай, Шибұтқа келіп ауылдық кеңестің хатшысы болып, алғашқы қоғамдық қызметін сонда бастайды. 1949 жылы наурыз айында Лашын Әзімжанқызымен отау құрады. 1950 жылы Алматыдағы Шет тілдер институтының неміс тілі факультетіне оқуға түседі.

Тұрмыс қиыншылығы салдарынан бұл оқуы да аяқсыз қалады. Одан соң Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға барады. 1954 жылы туған жері Қарасазға қайта оралып, ауылдық мектепте орыс тілі мұғалімі болады. 1957 жылы Алматыға қайта барып, республикалық Қазақ радиосында диктор болып қызмет атқарады. 1960 жылдан 1962 жылға дейін Нарынқол аудандық «Советтік шекара» газетінде жауапты хатшы қызметін атқарады. 1962 жылы жазда Алматыға көшіп келіп, «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби редактор, 1965-1972 жылдары «Jul-dyz» журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі болып бірнеше жыл қызмет атқарады. 1973-1974 жылдары Мәскеудегі Әдебиет және өнер институтында оқиды.

Талантты жас ақынның «Қырман басында», «Қойшы бала – Әкітай» атты жырлары «Советтік шекара» газетінде 1949 жылы жарияланды. 1952 жылы Қасым Аманжолов құрастырған «Жастық жыры» атты жинаққа Мұқағалидың бірнеше өлеңі таңдалып енгізілді.

Мұқағали Мақатаев әйгілі тұлғаларға көптеген өлең арнаған. Соның бірі – Қасым Аманжоловқа арнаған «Қасым солай болмаса...» атты жыры. Дауылды ақын Қасым қайтыс болғаннан кейін Мұқаң оны сағына былай еске алады.

Дейсіңдер-ау, Қасымның несі басым?!
Қасым солай болмаса, несі Қасым?
«Ақынмын» деп қопаңдап жүргендердің,
Әммесінен Қасымның десі басым.

Қуат алып жырына боз даладан,
Ол жанған, күні жоқ-ты маздамаған!
Өлісінде өнеге болған анық,
Тірісінде біреуге «жазған адам...»

Жалын жұтып, жанын жеп жазған құрлы,
Өлеңінің өлмеуін арман қылды.
Тасқа басып қалдырды тәкаппар жан,
Қан менен жас аралас тарлан-жырды.
Жеді, тынды ... Керемет дерттер төніп,
Кең кеудеде кетті ғой кектер сөніп.
Қасым деген қалғыған жанартау ғой,
Жанартау ғой, жанды да кетті өртеніп.

«Бір күй бар домбырамда...» (иесі Қасым),
Қасым солай болмаса, несі Қасым!?
Жыр бәйгеге аттанған адам болса,
Сөредегі Қасымын есіне алсын!

Міне, Мұқағалидың осы өлеңі Қасымның қай деңгейдегі ақын екеніне жауап беретін шоқтығы биік туынды деуге болады.

Мұқағали – халық тілін терең зерттеген, тілдік қорға бай, парасатты ақын. Сондықтан оның қай өлеңі болсын оқырманның діттеген жерінен шығып отырады. Ақынның «Жыр – ошақ», «Поэзия», «Кең дүние, төсіңді аш мен келемін», «Қаздар қайтып барады мекеніне», «Мен – таулықпын», «Фаризаға», «Қара өлең» қатарлы жырлары оқырман көңілінен шыққан тамаша туындылар деп айтуға болады.

Мұқағали ерекше ақындық талантпен ішкі күрделі жан-дүниесінің нәзік сезім түйсігінен туған шалқар шабытты ойларын адам баласы таңғалатын сұлу поэзияға айналдырып, жүрек тілі арқылы ұлы табиғатпен емін-еркін сырласа білді.

Кең дүние, төсіңді аш мен келемін,
Алынбаған ақым бар сенде менің.
Бұйрат құмдар – бұйығы шөлдегенім,
Бура бұлттар – бусанып терлегенім.

Аспаныңдай кей сәтте күрсінемін,
Жас талыңдай жауқазын бүршік едім.
Кең дүние, керемет қалпыңменең,
Жүрек болып кеудеме кірші менің.

Байтақ ел, балауса тау, бозаң далам,
Секілді бәрі менен көз алмаған,
Кең дүние, кенде етсең сыбағамнан,
Шырылдаған сәбидей мазаңды алам,

– деп келетін өлең шумақтары аса күшті буырқанған асау талантынан туған дара қасиетті ақын екенін әйгілеп береді.

Мұқағалидың атақ-даңқы әлем қазақтарына тарады. Оның тұңғыш жыр жинағы «Илич» 1964 жылы, содан кейін 1966 жылы «Армысыңдар, достарым!», 1968 жылы «Қарлығашым, келдің бе?», 1969 жылы «Шөп жапырақтары» (аударма), 1970 жылы «Мавр», 1972 жылы «Дариға-жүрек», 1974-1975 жылдары «Ақ-құлар ұйықтағанда», «Шуағым менің», 1976 жылы ақын қайтыс болардан аз күн бұрын «Өмір – дастан» қатарлы жинақтары баспадан шықты.

Мұқағали Мақатаев 1976 жылы небары 45 жасында дүниеден өтті. Халық арыс ақынынан айырылды. Ақын халықтың мәңгілік сыймай, жүрегі мәңгі тоқтаса да, артына мол рухани мұра қалдырып кетті.

Ақын көз жұмғаннан кейін оның әдеби мұраларын жоқтаушылары 1979 жылы «Өмір – өзен», 1984 жылы «Шолпан», 1988 жылы «Қош, махаббат» (прозалық шығармалары), 1989 жылы «Жырлайды жүрек» атты таңдамалы жырлары, 1994 жылы «Жылап қайттым өмірдің базарынан» атты жинақтары, «Райымбек! Райымбек!» атты екі томдық шығармалары мен ақынның «Күнделік» атты кітабы жарияланып, туған халқына тарту етілді.

Алматыда Мұқағали Мақатаев атындағы көше, Қарасаз ауылында ақынның шығармашылық жолы мен өміріне арналған сәулетті мұражайы, Мұқағали атындағы мектеп және сыйлығы бар.

Мұқағали – халық тағдырын жырлаған ақын. Қай шығармасын оқысаң да, халықпен сырлас, мұңдас болып келеді.

Ақын Мұқағали Мақатаев қазаққа ұран болған батыр бабасы Райымбек туралы:

Алматының төрінде атам жатыр,
Жалғыз бейіт құлазып жапанда тұр.
Қайтсем сені қоршаймын қыш дауалмең,
Аруағыңнан айналдым, атам батыр!

Батыр атам, сен менің жүрегімде,
Асыр салып аруағың жүр өмірде.
Аруағыңды жырыммен бір нақыштау –
Арманым да, ойым да, тілегім де.

Ұрпағыңа медет бер, ұлы бабам,
Ұлы бабам, ұлыңның күні қараң.
Қара жерге өмірім көмілгенше,

Қасиетті атаның құлы болам! – деп әлемге жар салып, батыр бабасына ескерткіш тұрғызуды армандайды.

Мұқағали арманы да көп өтпей жүзеге асып, халық өз батырына ескерткіш орнатса, ақын батыр атасы туралы «Райымбек! Райымбек!» атты әйгілі дастанын жазып, өлеңмен алтын ескерткіш орнатып кетті.

Мұқағалидың жыр жампозы қатарынан орын алуының сыры оның адам жүрегімен тілдесе білетін, сырласа білетін құпиясы мол ешкім қайталамас қасиетті поэзиясының ұлылығымен тамырласып жатса керек.

XX ғасырдағы қазақ поэзиясының маңдайалды жыр жұлдыздарының бірі Мұқағали Мақатаев:

Мен – бір бөкең, аулаққа желіп кеттім,
Желіп кеттім, басымды ерікті еттім.
Сен менің жырымды оқы, ұнамаса,

Менің туған жеріме көміп кеткін! – деп өнер алдында үлкен жауапкершілік арқалап, жыр майданында нағыз дүлдүлдей өршелене өрге шауып, ақындықтың асау талантын байқатады.

Мұқағали Мақатаевтың дара талантынан туған өлмес поэзиясы миллиондаған оқырман аузында жатталып, қара ормандай халық ардақтаған ақынның қасиетті есімі барған сайын ұлыланып барады.

Әдебиет алыптарының бірі Алексей Толстой «Ұлы адамдардың өлген күні болмайды, туған күні болады» дегендей, ұлы ақын Абай бастаған алыптардың киелі өнер көшінің соңынан болашаққа бет алған Мұқағалидың жыр керуені де алысқа сапар шегіп барады...

Нұрлан СӘРСЕНБАЕВ,
жазушы, этнограф

Егер дүние жақсылықтан тұрар болса, оған жақсы адамдардың қосқан үлесі зор. Сол жақсы жандардың қатарында ұстаз деген ұлы тұлға бар. Қоғамның қай саласында да қызмет ететін мамандық иелері ұстаздан тәлім алған. Ұстаз атаулының қоғамда құрметті, қадірлі һәм сыйлы болатыны да сол. Ұлт ұстыны Мағжан Жұмабаев «Алты Алаштың басы қосылса, төр – мұғалімдікі» деді және бұл тәмсіл әлі күнге дейін мәнің, маңызын жойған жоқ.

Жаңашыл мұғалім – келешек кепілі

Қалғып жатқан ұлттың санасын оятып, қазақ баласының көкірегіне сәуле түсірген Ыбырай Алтынсарин сынды қазақтың алғашқы ағартушысынан күні бүгінге дейінгі аралықта ұлтымыздан қаншама ұстаз шықты. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның дамуының, өркендеуінің, қоғамның қалыптасуының бастауында сол мұғалімдер тұр.

Тарихта аты аңыз болып қалған атақты қолбасшы Александр Македонскийдің «Мен өзімнің ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін. Әкемнен өмір алсам, Аристотель ұстазымнан өмірімді жақсы өткізу туралы білім алдым» деген атақты сөзі бар. Бұл да – ұстазды ұлықтаудың ерекше үлгісі, ұстаз еңбегінің айқын дәлелі.

Әр заманның өз үні, өз бояуы бар. Заман озған сайын адам санасы жетіліп, білім мен ғылымның да көкжиегі кеңейе бермек. Жалпы елдің, мемлекеттің дамуы білім, ғылымға тікелей байланысты екені анық. Ал ол үшін мектеп пен мұғалім мықты болуы тиіс.

XXI ғасыр – ғарыш ғасыры. Адамзат ғарышты игеруге кірісті. Әлем әркениетіне Қазақстан да ілесуге қауқарлы. Ол үшін тағы білім мен ғылым алға шығады. Сондықтан бүгінгі мұғалімдерге қойылатын талап өте жоғары. Кез келген мұғалім бәсекеге қабілетті болуы шарт. Білімділік, біліктілік, жаңашылдық қажет. Соған орай кез келген оқушы технологиялық үдеріске бейім, технократ болып қалыптасуы тиіс. Әлем елдерінің технологиялық жетістіктері орта білім беретін мектептерден басталады. Ендеше біз де жас ұрпақты мектеп жасынан жаңашылдыққа бейімдеуіміз керек.

Әрине, алдымен тәрбие. Бұл жөнінде әлемнің екінші ұстазы әл-Фарабидің өзі «Адамға алдымен білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деді.

Иә, ұрпақ тәрбиесі ата-ананың қолында дегенімізбен, бұл жұмыстар барысында мектептің, мұғалімдердің жауапкершілігі маңызды рөл атқарады деп ойлаймын. Сол үшін мектепте әрбір мұғалім қосымша адалдық, әділдік, адамгершілік секілді қасиеттерді оқушының бойына сіңіре білуі тиіс. Әсіресе жас ұрпақтың бойынан отансүйгіштік, елжандылық сезімін оята білсек, бұл – еліміздің ертеңгі жарқын келешегіне үлес қосқанымыз.

Қуанышқұл АЛДАБЕРГЕН,
№124 орта мектептің
физика пәні мұғалімі

Әже – мейірім мен тәрбие негізі

Әже – отбасының алтын қазығы, мейірім мен даналықтың көрінісі. Ол немерелеріне тек қамқоршы емес, өмірлік тәлімгер, ақылшы әрі тәрбиеші болып табылады. Өйткені оның сөзі мен мейірімі отбасына шуақ сыйлайды.

Менің әжем – тек мейірімді ғана емес, сонымен қатар талантты әнші. Әжем сахнада өнер көрсеткенде оның дауысынан халықтың рухы мен мәдениеті сезіледі. Ән айту – оның өмірінің ажырамас бір бөлігі.

Ол маған әрдайым еңбексүйгіш болуды, өнерді құрметтеуді үйретеді. Әжем қиын кезде қолдау көрсетіп, әрдайым дұрыс жол сілтейді. Ол «ең бастысы, адал еңбек пен таза жүрек» деп жиі айтады. Осы сөздері мені алға жетелеп, жақсы адам болуға үйретеді.

Сахнадан тыс уақытта әжем – өте мейірімді, қамқор және сабырлы адам. Немерелеріне ертегі айтып, өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, әрдайым дұрыс жолға бағыттайды. Мен онымен мақтанамын. Ол – отбасының мақтанышы, немерелеріне үлгі. Оның мейірімі мен өнері әрдайым жүрегімде сақталады. Өйткені мен әжемді жақсы көремін.

Әжем менің – мейірімнің бұлағы,
Үйіміздің жарық шашар шырағы.
Немересін артық көрер бәрінен,
Таусылмасын әжеміздің жыр-әні.

Қыс – қызыққа толы мезгіл

Қыс – жылдың ең суық әрі ерекше мезгілі. Бұл уақытта табиғат тыныштalып, жер бетін ақ қар жамылады. Ауа райы күрт салқындап, суытып, күн қысқарып, түн ұзарады. Қыс мезгілі адамдарға да, табиғатқа да әрдайым ерекше әсер сыйлайды.

Қыста ағаштар жапырағын түсіріп, жануарлардың кейбірі қысқы ұйқыға кетеді. Ал құстардың бір бөлігі жылы жаққа ұшып кетеді. Қардың жаууы жерді ылғалмен қамтамасыз етіп, көктемде өсімдіктердің өсуіне көмектеседі.

Бұл мезгілдің қызықты жақтары да көп. Балалар аққала жасап, шанамен сырғанап ойнағанды ұнатады. Бұл мезгіл – бір жағынан жаңа жылды қарсы алып, отбасымен бірге уақыт өткізуге тамаша кезең. Сонымен қатар қыста қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды. Суықтан қорғану, жылы киіну және тайғақ жолда абай болу қажет.

Бір сөзбен айтқанда, қыс – табиғаттың әсем көрінісімен, мерекелерімен және қызықты сәттерімен есте қалатын ерекше мезгіл.

Ақ көрпесін жамылғандай кең дала,
Табиғатқа қараймыз біз таңдана.
Шаналармен сырғанап біз ойнайтын,
Қыс мезгілі қызықты ғой қашанда

Алина ӘБДІМӘЛІК,
№124 орта мектептің 4-сынып оқушысы

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – аймақ дамуының кепілі

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің әлеуметтік дамуына кері әсер ететін қауіпті құбылыс. Ол халықтың билік органдарына деген сенімін төмендетіп, заң үстемдігі қағидаттарына нұқсан келтіреді. Сондықтан Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі ретінде айқындалған.

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның талаптарына сайкес, мемлекеттік қызметшілер өз өкілеттіктерін адал, әділ және ашық түрде жүзеге асыруға міндетті. Қызметтік жағдайды жеке пайдасына пайдалану, парақорлық, мүдделер қақтығысына жол беруге заңмен қатаң түрде тыйым салынған және жауапкершілікке әкеп соғады.

Аймақта сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында бірқатар жүйелі шара жүзеге асырылды. Мемлекеттік қызмет көрсету саласында цифрландыру кеңінен енгізіліп, электрондық форматқа көшу арқылы адам факторын азайтуға басымдық берілуде. Бұл тұрғындар үшін қызметтердің қолжетімділігін арттырып, ашықтықты қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіліп, қызметкерлер арасында заң талаптарын түсіндіру және құқықтық сауаттылықты арттыру жұмыстары тұрақты түрде ұйымдастырылуда. Мұндай шаралар заң бұзушылықтардың алдын алуға және мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін күшейтуге ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әрбір азамат заң талаптарын сақтап, әділдік пен адалдық қағидаттарын ұстанған жағдайда ғана бұл індетке қарсы нақты нәтиже көрсетуге болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – аймақтың тұрақты дамуы мен халықтың әл-ауқатын арттырудың маңызды шарты. Заңға бағыну, ашықтық және азаматтық жауапкершілік арқылы ғана әділ қоғам қалыптастыруға болады.

К.Каипбаева,
аудандық қазынашылық басқармасының бас маман-бас қазынашысы

Бөлімдегі бір күн

Сәби тынысы сақталған бөлім

Апта басы, таңғы тіршіліктің тынысы енді ғана ашылған шақта әдеттегі қарқынмен аудандық ауруханаға аялдадық. Мұнда жалпы хирургиядан бөлек жалпы терапия, балалар бөлімі, реаниматология бөлімдері жұмыстың қайнаған бел ортасында қалтқысыз қызмет етіп келеді. Үздіксіз «шұғылдағы» шырылдаған қоңыраулар, қат-қабат қаумалаған қабылдау бөліміндегі науқастардың жағдайын сұрап, жоғары көтерілуге ыңғайландық.

Бағанағы қарбаластан кейінгі естіген жым-жырт тыныштық. Абыр-сабыр ауан әлдеқашан артта қалған. Бұл – акушерлік-гинекология бөлімі. Басқа бөлімдерден ерекшелігі бірден сезіле ме, қалай? Ана мен баланың денсаулық хәлін алға қойған бөлім жүйелі тәртіптің ағысымен жұмыс жасап тұр.

Бөлім ішіндегі бірнеше бөлімше қатар жұмыс істегенімен, қызмет сапасына селқостық көлеңкесі түспеген. Өткен жылы перзентханада 335 әйел сәбиін дүниеге әкелсе, соның біреуі ғана жоғары деңгейлі медициналық көмекті қажет етіп, көпбейінді орталықтың перинаталдық бөліміне жолданған. Жыл бойы бөлімге 165 жүкті әйел түсіп, оның 162-сі емдомын толық алып шыққан. Ал жағдайы күрделірек болған екі әйелдің жолы облыстық перинаталдық орталыққа жалғасқан. Мұндағы әрбір шешім салмақталған таразыдай, ана мен баланың амандығы бірінші орынға қойылады.

Бөлімдегілердің арасында жүктілік анемиясымен 53 әйел, мерзімінен бұрын босану қаупімен 98 әйел, прэклампсияның жеңіл дәрежесімен 2 әйел ем алған. Сондай-ақ жүктілік гипертензиясымен 3 әйел, жүктілік кезіндегі ісінумен 1 әйел, жатыр пиелонефритімен 5 әйел стационарлық ем қабылдап, сауығып шықты.

Гинекология бөлімінің де жүктемесі аз болмапты. Бөлім меңгерушісі Әсел Жүсіпованың айтуынша, былтыр бұл бөлімге 477 әйел жатқызылған. Оның ішінде өздігінен болған түсік бойынша 40 әйел, жедел сальпингоофоритпен 97 әйел, жедел метроэндометритпен 40 әйел ем алған. Сонымен қатар аномальды жатырдан қан кетумен 22 әйел, ювенильді жатырдан қан кетумен 3 әйел, бартолин абсцесімен 1 әйел тіркеуге алынған.

– Мұнда келген әр адам «Қалай қарайды?» деген ішкі алаңмен келеді. Сондықтан әйел адам бұл есіктен аттағанда сеніммен кірсе екен дейміз. Қазіргі мақсатымыз да сол, бізді көрген сәттен бойларында тыныштық орнап, өзін еркін сезінуі керек, – деп бастады әңгімесін перзентхана бөлімінің акушері Алма Қауынбайқызы.

Мұнда тіршілік екі ауысыммен толассыз жалғасады. Түн мен күннің алмасуы жауапкершілікті еселей түспесе, жұмыс ырғағын бір сәтке де бәсеңдеткен емес. Босануға келген болашақ ана бұл жерден ең алдымен мейірім көреді. Бала дүние есігін ашқанға дейін де, жарық өмірге келгеннен кейін де жұмыс барысынан ықтият үзілмейді.

Тәжірибелі акушер соңғы жылдары серіктес босану ұғымының кеңінен қолданысқа ене бастағанын айтады. Бұл – ананың жанында жақын адамының болуы ғана емес, психологиялық қолдаудың жаңа бір белесі. Осындай сәттерде акушер босану барысын сырттан бақылап қана қоймай, әр қадамын түсіндіріп, қалай көмек көрсету керегін байыппен айтып отыратын көрінеді. Қажет болған жағдайда босанар әйелге арнайы массаж жасап, толғақтың жеңіл өтуіне бар күшін салу – маманның күнделікті миссиясы.

Мейіріммен басталған іс берекеге ұласады. Жанымен арпалысқан ананың жанында даналық түсініктік танытып, сабырмен дем берген демеудің артында жаңа өмірге жасалған үлкен жақсылық тұрғанын акушер жақсы біледі. Бір нәресте жарық дүние есігін ашқанға дейін бұл бөлімде бір ғана адамның емес, тұтас бір ұжымның жүрегі бірге соғады. Бөлімде дәрігер де, акушер де, балалар мейіргері мен кіші аяжандарға дейін бір мақсатқа жұмылады. «Перзентхана табалдырығын аттаған сәттен бастап ананы бауырындай қарсы алып, ұжым болып бір тілекте боламыз» дейді байыпты үнмен.

Акушер Алманың айтуынша, жауапкершілік босанумен шектелмей, дүниеге келген соң да назардан тыс қалмайды, 40 күн бойы бақылауда болады. Перзентханаға келетін әйелдер саны да бірқалыпты емес. Кейде тыныш, кейде тынымсыз. Алма Қауынбайқызының жадында әлі күнге дейін ұмытылмайтын сәттер бар. Биыл осы салада табан аудармай еңбек етіп келе жатқанына 35 жыл толған білікті акушер жұмыс барысында таң атқанша 12 әйел қатар босанған күндер болғанын айтады. Бұл салада уақыт деген ұғым жауапкершілікке ойысқан.

Иә, бұл бөлімде тыныс-тіршіліктің өзегінде үйлестіріп тұрған шебер кадрлық құрам тұр. Босану бөлімінде 1 акушер-гинеколог, 1 неонтолог, 5 акушер, 10 мейіргер қызмет етеді. Ақ халаттың әр қатпарында білім мен білік қатар өрілген. Мұнда акушер-гинекологиялық төсек қоры 20 орынды қамтиды. Оның ішінде тууға арналған төсек саны – 7. Гинекология бөлімінде 8 орын болса, нәрестелер реанимациясында 1, босану бөлмесінде 5, ота бөлмеде 1 арнайы орын бар

Күндізгі стационар да – үлкен жүйенің ажырамас бөлшегі. Уақытылы көмек асқынудың алдын алса, дұрыс ем ұзақ жолды қысқартады. Былтыр мұнда барлығы 138 әйел қабылданып, олардың 68-і медикаментозды медициналық абортпен, 70 әйел сальпингоофорит диагнозымен ем алған.

Соңғы уақытта бөлімге түскен жүкті әйелдердің денсаулық көрсеткіштерінде алаңдататын үрдістер жиілеген. Анемиялық қаназдық, жүктілік кезіндегі ісіну, қан қысымының жоғарылауы көптеп кездеседі. Бұған қоса жүктілік пиелонефриті мен кішкентай мерзімдегі дамымай қалған жүктіліктің артқаны байқалады. Салдарын байқап, себебін де бағамдағымыз келді.

– Мұны бір ғана фактормен шектеу қиын. Мұнда экологияның да, күнделікті тамақтану тәртібінің де, өмір салтының да өз ықпалы бар, – дейді бөлім меңгерушісі Әсел Жүсіпова.

Оның айтуынша, заман ағымымен өзгерген әдеттер де жүктілік барысына әсер етпей қоймайды. Қазір жедел пісірілетін тағамға тәуелділік артты, уақыттың тығыздығы табиғи асқа мән беруге мүмкіндік бермейді. Технология қарыштап дамығанымен, адам қозғалысы азайып барады. Мұның бәрі ана ағзасына салмақ салып, жүктіліктің ырғағын бұзады. Сол себепті қазіргі уақытта 4 келіден жоғары нәрестелердің дүниеге келуі, мерзімінен асып босану жағдайлары жиілеп отыр.

Ұлттың болашағы перзентханадан бастау алса, бұл ұжымның қызметі аудан үшін өлшеусіз маңызға ие. Ана саулығы сақталса, ұрпақ мықты, ұрпақ мықты болса, ел еңселі. Осы тұрғыдан алғанда, бөлім жұмысы тек медициналық қызмет емес, мемлекеттік маңызы бар іс деуге толық негіз бар. Сондықтан мұнда атқарылып жатқан әрбір іс – бір күннің емес, келер ұрпақтың қамы. Ал сол қамды адал еңбегімен арқалап жүрген жандардың еңбегі қандай құрметке де лайықты.

Гүлжан ЕСЖАН

Маман мерейі

Мейіргер Жарасхан

Адам жанына араша түсетін мамандықтар бар, солардың алдыңғы сабында медбике тұр. Әсіресе өмір есігі жаңа ашылған сәттерге куә болатын босанған әйелдер бөліміндегі мейіргер еңбегі айрықша мәнге ие десек, қателеспейміз. Ананың алақаны баланың алғашқы мектебі болса, сол алақанға жол ашатын ақхалатты жандардың мейірімі мен білімі екені айдын анық. Бұл бөлімде әр таң жаңа үмітпен атады. Ана мен бала амандығы таразыға түскен сәтте қамқор қол – алғашқы сүйеніш, алғашқы көмекші.

Жарасхан Аленованың босанған әйелдер бөлімінде мейіргер болып еңбек етіп келе жатқанына биыл жиырма бір жылға жуықтады. Ақ халат киіп, ананың амандығы мен нәрестенің өміріне жауап беру – оның күнделікті әрі қасиетті қызметі. Ақ халат кию оның бала күнгі арманы еді. «Арбаның алдыңғы дөңгелегі қайда жүрсе, соңғысы да сонда жүреді» демекші, тағдыр оны өмірлік жолынан жаңылдырмай, балғын шақтағы бал арманымен табыстырды. Әсіресе, үлкен әпкесінің медициналық оқу орнының студенті атанған сәті оның жүрегіндегі бұл арманды біржола бекіткендей болды. Сол сәттен бастап медицина әлемі көз алдында айқындалып, жан қалауының осы сала екенін ол іштей бірден ұқты.

Екі мыңыншы жылдардың басында мектеп бітірген ол Қызылорда қаласындағы медицина колледжіне оқуға түсіп, енді нақты мақсаттарға бел буған еді. Ұстазы жақсының ұстамы да жақсы болып шықты. Ұстазын әкесіндей сыйлаған ұлттың ұрпағы еңбек жолының алғашқы жылдарында дәрігер Төремұрат Жүсіповтен алған тәлімін бүгінде мақтанышпен айтып отыр. Жұмыстағы іскерлігі бір бөлек, жақсылықтың қадірін білген пенделік пайымына әңгіменің бергі жағындағы тыңдаушы көңіліміз риза әйтеуір.

Оның болмысынан Арал өңіріне тән бір қайсар мінез сезіледі. Теңіз тартылса да, рухы тартылмағаң, табиғаты қатал болса да, жүрегі кең өлкенің қасиеті осы. Арал топырағында туған адам ерте есейеді, тәзім мен сабырды серік етеді. Мұндағы жел де, шаң да, үнсіздік те адамды шыңдайды. Сол себепті бұл өлкенің перзенттері қай жерде жүрсе де, алған бетінен қайтпайды, бастаған ісіне жауапкершілікпен қарайды. Мейіргер де қасиетті Арал өңірінде дүниеге келген. Теңізді өлкенің перзенті ретінде ол қай ортада жүрсе де, адам жанына араша болуды өмірлік мұратына айналдырған.

Өмір есігін енді ашқан нәрестенің нәзік тамырына жол табу асқан дәлдік пен кәсіби шеберлікті талап етеді. Күн сайын 4-5 ананың үміті мен алаңын арқалап, әрқайсысына бірдей ықылас пен жанашырлық таныту оңай шаруа емес. Білікті кадр қай уақытта да ел сенімінен шығып, сұраныс биігінен көрінеді. Сондықтан болар, өз бөлімінен бөлек өзге бөлімдерден де арнайы сұратып, сенім артып шақыртатын сәттер аз емес.

– Перзентхана – жауапты бөлім. Түн тыныштығын түріп, күннің жарығын көз ілмей қарсы алатын сәттер де бұл салада үйреншікті ғой. Алайда ананың жеңіл тынысы мен шырылдаған шақалақтың іңгәлаған үнін естіген сәтте барлық шаршауды ұмытамыз, – дейді Жарасхан Арғынқызы.

Мінезге біткен ұйымдастырушылық қарымын да ел игілігіне жұмсап жүрген ол бүгінде Жалағаш аудандық ауруханасының кәсіподақ ұйымында қазынашылық міндетті абыроймен атқарып келеді. Сексен жеті адамды біріктірген ортада белсенді бастамалардың басы-қасында жүргеніне биыл алты жыл. Күнделікті қарбаласта көзге түсе бермейтін, бірақ әр істің өзегінде жүретін жанмен әңгіме ауаны бір сәтте басқа қырынан ашыла кетті.

– Күндегідей жұмыстан кештеу шығып, үйге қарай бет алғанмын. Өзімді жайсыз сезініп, ем қабылдауым қажет болды. Сол сәтте тамырыма дәрі құюға өз ұлым кірісті. Бұған дейін де көріп-білгені бар, қимылы нық, қолы сенімді. Адам жанына демеу болу ардақты аманат екенін де байқап, бағамдап үлгерген. Жасына қарамастан жауапкершіліктің жүгін ерте сезініпті, – дейді кейіпкеріміз.

Сейтсек, бағанадан бері тапжылмай таңырқай тыңдап отқанымыз – алтыншы сыныптың оқушысы. Өзі айтандай, қастерлі саланың аманатын абыроймен арқалап жүрген маман – төрт бірдей перзентті тәрбиелеп отқан аяулы ана, шаңырағына ақ халаттың иісін сіңірген отанасы. Бұл отбасында денсаулық саласына еңбек ету кездейсоқ таңдау емес, ұрпаққа жалғасқан жол ма дерсіз. Үлкен-кішісі маңызды емес, бәрі бірдей бұлшық етке де, тамырға да дәріні дәл салудың ретін біледі. Үлкен қызы бүгінде медицина саласының студенті атанып, ардақты мамандыққа апарар жолдың алғашқы баспалдағына адымдаған. Өкшесін баса артынан ерген бауырлары да кейіпкеріміз басқан ақ жолды жалғап, ел саулығын күзетуге ұмтылған болашақ дәрігер болудан дәмелі. Сәулелі мамандықтың шырайын сезіндірген де ана болмысы болар бәлкім.

Мейіргер болу – мамандық атауынан да биік, аманат арқалағаған жан үшін жауапты жүк. Бұл жолды таңдаған «елге қызмет ету – ерлік міндет» деген халық даналығын өмірінің темірқазығына айналдырады. Ел ішінде «Жақсының қолы – шипа» деген ұғым да бекер айтылмаған. Кейде мейіргердің сабырлы үні дәріден де қуатты. Мамандықтың маңдай терлетер тұсы сонда, адам тағдыры таразыға түскен сәтте оның бір қадамы шешуші әрекет болуы ғажап емес. Кейіпкеріміздің де бар тірегі – осы қағида. Ғұмыр жолы күннің күркіреуінсіз жауған, бірақ жерге нәр беретін жаңбыр секілді ма дедім. Жан ауырса, жанашыр керек, ал алдына келгеннің қабағын бағып, қолын соза жүгіретіннің бірі де – осы кейіпкеріміз. Өз саласын өзіндей құрметтейтін майталмандар барда мейірімге нәгізделген мамандықтың қадірі ешқашан кемімейді деп топшыладық.

Г.БАҚЫТБЕККЫЗЫ

Ел жаңалықтары

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде тегін демалысқа арналған препараттарды коммерциялық секторда еркін сатуға өткізу, әртүрлі нысандардың таңбалау кодтарын қайта пайдалану, сондай-ақ жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттарды сату фактілерін Қазақстанда былтыр шілдеде енгізілген дәрілік заттарды таңбалау жүйесі анықтады. Денсаулық сақтау министрлігінде ведомство басшысы Ақмарал Әлназарованың төрағалығымен вице-министрлердің, Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті, «Фармация» СҚ басшыларының, «Қазақтелеком» АҚ тауарларды таңбалау мен қадағалаудың бірыңғай операторының қатысуымен цифрлық таңбалауды қолдану және дәрілік заттарды қадағалау мәселелері талқыланған жиында осы мәселе қаралды.

Цифрлық таңбалау: жүйе жемісін беруде

Кездесуде бірыңғай оператор тауарларды таңбалау және қадағалау жүйесінің ақпаратын пайдалана отырып, дәрілік заттардың айналымы саласындағы деректерді мониторингілеуге және талдауға арналған талдамалық платформаны ұсынды. Платформа мемлекеттік органдарға өндіріс пен импорттан бастап дистрибьюция мен бөлшек саудаға дейінгі айналымның барлық кезеңінде дәрілік заттардың әр қаптамасының қозғалысын нақты уақыт режимінде бақылауға, сондай-ақ ауытқулар мен ықтимал бұзылуларды анықтауға мүмкіндік береді.

Демонстрация шеңберінде дәрілік заттар айналымындағы анықталған сәйкессіздіктерге ерекше назар аударылды. Олардың қатарында коммерциялық секторда ТМККК шеңберінде тегін демалысқа арналған препараттарды сату, әртүрлі нысандардың таңбалау кодтарын қайта пайдалану, сондай-ақ жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттарды сату фактілері бар.

Тауарларды таңбалау мен қадағалаудың бірыңғай операторының деректері бойынша жүйемен мемлекеттік бюджеттің есебінен сатып алынған және халықты тегін қамтамасыз етуге арналған 15 мыңнан астам дәрілік затты өткізу фактілері тіркелді. Бұдан бөлек жүйеде қайта пайдаланылған таңбалаудың 6,5 мыңнан астам коды 385 мыңнан астам рет, сондай-ақ жарамдылық мерзімі өткен дәрілік препараттардың 750-ден астам қаптамасын сату фактілері тіркелген.

Өтінім азаматтың жеке қатысуынсыз қаралады

Биыл қаңтар айынан бері медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС) шеңберінде мүгедектікті белгілеуге қатысты 9,1 мың өтінім сырттай форматта қаралды. Былтыр сырттай форматта 113,1 мың өтінім қаралып, куәландырудан өткен мүгедектігі бар адамдардың 42,5 пайызын қамтыды. Сырттай проактивті куәландыру бірқатар нозологиялық нысанда қолданылады. Олардың қатарына онкологиялық аурулар, барлық локализациядағы туберкулез, туабіткен сонымен қатар жүре пайда болған анатомиялық даму кемістіктері, психикалық аурулар, балалардағы бірінші типті қант диабеті, балалардағы мукополисахаридоз, сондай-ақ ағза трансплантациясынан кейінгі жағдайлар кіреді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, былтыр нозологиялық нысандар тізбесі едәуір кеңейтілген, яғни гидроцефалия, аяқ-қолдың салдануы сияқты аурулар енгізілді. Қазіргі таңда сырттай форматтағы куәландыру 50-ден астам нозологиялық нысанда жүргізіледі.

Кезінде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде Мемлекет басшысы ерекше қажеттіліктері бар адамдарға барынша қолайлы жағдай жасауды, оларды инстанциялармен, қағазбастылықпен әурелемей, көрсетілетін қызметті берушілердің қызмет алушылармен байланысын болдырмауды тапсырды. Тапсырманы жүзеге асыру мақсатында елімізде медициналық-әлеуметтік сараптаманың сырттай форматы енгізілді. Бұл жағдайда өтініш берушіге тек тіркелген жеріндегі медициналық ұйымға жүгініп, қажетті тексеруден өту жеткілікті.

Құжаттарды жолдаудан бастап сараптамалық шешім шығаруға дейінгі барлық кейінгі кезең азаматтың жеке қатысуынсыз, ақпараттық жүйелердің интеграциясы арқылы жүзеге асырылады. Медициналық құжаттар ұйымдардан МӘС бөлімшелеріне электрондық форматта жолданады.

Сырттай куәландыруға көшу нәтижесінде әкімшілік, бюрократиялық кедергілерді жоюдың мүмкіндігі артады. МӘС сараптамалық шешімдерінің ашықтығын қамтамасыз етеді. Мүгедектікті белгілеу мен мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау шараларын анықтауды үйден шықпай-ақ алуға мүмкіндік береді. Бұл бір жағынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік бермек.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Меншік иесі:
«СЫР МЕДИА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08
телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №212

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru Кезекші редактор: Гүлжан ЕСЖАН